

**"1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 1295 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы абзацтар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі - жылжымайтын мүлікке құқықтарды, заңды тұлғаларды тіркеу, сондай-ақ әділет органдарынан және нотариустардан шығатын өзге де ресми құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі - өзінің құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қ ұ ж а т т а р б о й ы н ш а ;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі - дәрменсіздігі туралы конкурстық іс қозғалған заңды тұлғалардың берешекті төлеуіне байланысты мемлекеттік органдардың сұрау салуы мен азаматтардың өтініштері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың резиденттігін растайтын құжаттар немесе осындай құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері бойынша;

Қазақстан Республикасы-Мәдениет және спорт министрлігі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағаттық анықтамалар мен мұрағаттық құжаттардың көшірмелері бойынша;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі - іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыруға байланысты құжаттарды қоспағанда, өзінің құзыретіне жататын құжаттар бойынша;».

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы

жасасқан жоғарыда аталған конвенциялардың депозитарийлерін осы қаулымен енгізілетін өзгерістер туралы белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ